



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (1)

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (1)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhы
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 325–
332
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.61.91.

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_325-332

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ

Ақылбек Беделханұлы Сәрсенбаев¹, Ерболат Берікұлы Оспанов²

¹ Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
(8-үй, Абай көшесі, 050000, Алматы, Қазақстан Республикасы)
тарих ғылымдарының кандидаты, қауым. профессор.
<https://orcid.org/0000-0003-1780-2977>. e-mail: a.sarsenbaev@alt.edu.kz

² Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
(8-үй, Абай көшесі, 050000, Алматы, Қазақстан Республикасы)
PhD, аға оқытушы.
<https://orcid.org/0000-0003-4497-2760>. e-mail: yerbolat_27@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Сәрсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б., 2026

Аңдатпа. *Кіріспе.* Көшпенді дала өркениетінің ерекшеліктерін түсіну үшін тек қана батыстық немесе шығыстық дерек көздері жеткіліксіз. Себебі, кей деректер қазақ халқының, көшпелі тайпалардың тарихи ерекшеліктерін баяндауға емес, олардың теріс және кеміс жақтарын сипаттап, төмендетуге және саналы түрде бұрмалауға бағытталған. *Мақсат және міндеті.* Сондықтан да, халқымыздың кейбір тарихи ерекшеліктерін кеңінен сараптау үшін, ең алдымен сол халықтың төлдеректеріне сүйенуіміз қажет болады. Яғни, сол халықтың ерекшеліктерін сол халықтың ұрпақтары мен сол елдің өкілдерінен артық білу екінің бірінің қолынан келе бермейтін күрделі іс. *Мәліметтер мен әдістері.* Мақалада салыстырмалы және хронологиялық тарихи әдістер қолданылады. *Нәтижесі.* Тарихтың осындай кезеңдері мен оның ерекшеліктерін зерттеу кезінде ұлттық төлдеректерді пайдаланудың маңыздылығы зор. Ұлттық төлдеректердің қатарына, халық ауыз әдебиеті (аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, ертегілер, т.б.) және ауызша тарих айту дәстүрі (шежіре, ата-тек тарату, т.б.) жатады. Аталмыш мақалада, халықтың ауызша тарих айту дәстүріне негізделіп, қазақ тарихының кейбір мәселелерін, ауызша тарих айту дәстүрінің басты көрсеткіші – шежіренің қысқаша зерттелу тарихына көңіл бөлінген. *Қорытынды.* Аталмыш мақала, он бесінші – он сегізінші ғасырлардағы қазақ халқының мәдениеті мен әлеуметтік құрамын, сонымен қатар он тоғызыншы ғасырдың аяғы мен жиырмасыншы ғасырдағы қазақ ауызша тарихын зерттеуші ғалымдарға және қазақ зиялыларының тарихи-шежірелік көзқарастарына қатысты мәселелерді зерттеуде өзіндік көмегін тигізеді.

Түйін сөздер: қазақ тарихы, ауызша тарих, шежіре, ата-тек, жеті ата, ауызша дерек, ұлттық дерек, этнографиялық деректер, тарихи деректер, отан тарихы, оғыз тайпалары.

Дәйексөз үшін: Сәрсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б. Қазақ шежіресі этнографиялық дереккөзі ретінде // Отан тарихы. 2026. Т. 29. №. 1. С. 325–332. [қазақша]. DOI: [10.51943/2788-9718_2026_29_1_325-332](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_325-332)

КАЗАХСКАЯ ГЕНЕОЛОГИЯ КАК ЭТНОГРАФИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК

Акылбек Беделханович Сарсенбаев¹, Ерболат Берикович Оспанов²

¹ Казахский национальный аграрный исследовательский университет
(д. 8, ул. Абая, 050000, Алматы, Республика Казахстан)
кандидат исторических наук, ассоц. профессор.
<https://orcid.org/0000-0003-1780-2977>. e-mail: a.sarsenbaev@alt.edu.kz

² Казахский национальный аграрный исследовательский университет
(д. 8, ул. Абая, 050000, Алматы, Республика Казахстан)
PhD, старший преподаватель.
<https://orcid.org/0000-0003-4497-2760>. e-mail: yerbolat_27@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б., 2026

Аннотация. *Введение.* Западные источники в недостаточной степени отражают особенности формирования кочевой степной цивилизации. Это было связано с тем, что отдельные источники несут в себе информацию только справочного характера. *Цель и задачи.* В этой связи цель представленной статьи – опираясь на устноисторические источники проанализировать специфику традиционной культуры казахского народа. Понятие «земля предков» священно для кочевников, оно залог целостности собственной территории, в то же время это и признание неприкосновенности соседствующих земель. *Материалы и методы.* Используются проблемный, сравнительно-исторический методы и источниковедческий анализ. Также, в статье использованы сравнительно-хронологический и исторический методы. *Результаты.* Межобщинные отношения возникают на почве признания суверенности территорий. Географический ареал территории, населенной издревле предками, отпечатывается в сознании народа как святые места, состоящие из священных гор, рек и озер, долин и холмов, могил, где обитают духи предков и т.п. Их священность завещана в наследство грядущим поколениям в легендах и мифах, сказаниях и изречениях. *Выводы.* Данная статья рассматривает специфику кочевой культуры – священные предания, язык, письменность и т.д., начиная с XV по XX вв. В материальной сфере проанализированы особенности экономического уклада, ведения хозяйства, обычаев и обрядов казахов, составляющие часть культуры социума, что поможет исследователям понять основные истоки и многогранность кочевой культуры Великой степи.

Ключевые слова: история казахов, генеалогия, семь колен, устная история, предки, исторические источники, национальная история, этнографические источники, отечественная история, огузы.

Для цитирования: Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б. Казахская этнология как этнографический источник // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. С. 325–332. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_325-332

KAZAKH GENEALOGY AS AN ETHNOGRAPHIC SOURCE

Akylbek Sarsenbaev¹, Yerbolat Ospanov²

¹Kazakh National Agrarian Research University
(8, Abay Street, 050000, Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of historical science, Associate Professor.
<https://orcid.org/0000-0003-1780-2977>. e-mail: a.sarsenbaev@alt.edu.kz

²Kazakh National Agrarian Research University
(8, Abay Street, 050000, Almaty, Republic of Kazakhstan)
PhD, Senior Lecturer
<https://orcid.org/0000-0003-4497-2760>. e-mail: yerbolat_27@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2026

© Sarsenbaev A.B., Ospanov Y.B., 2026

Abstract. Introduction. Western sources do not sufficiently reflect the features of the formation of nomadic steppe civilization. This was due to the fact that some sources carry information of a reference nature only. In this regard, the purpose of the presented article is to analyze the specifics of the traditional culture of the Kazakh people based on oral history sources. **Purpose and objectives.** The concept of "ancestral land" is sacred to nomads, it guarantees the integrity of its own territory, at the same time it is recognition of the inviolability of neighboring lands. Intercommunal relations arise on the basis of recognition of the sovereignty of the territories. **Materials and methods.** Problematic, comparative-historical methods and source analysis are used. Also, the article uses comparative chronological and historical methods. **Results.** The geographical range of the territory inhabited from ancient times by ancestors is imprinted in the consciousness of the people as holy places consisting of sacred mountains, rivers and lakes, valleys and hills, graves where the spirits of ancestors live, etc. Their sanctity is bequeathed to future generations in legends and myths, tales and sayings. **Conclusion.** This article considers the specifics of nomadic culture - sacred traditions, language, writing, etc., starting from the XV to the XX centuries. In the material sphere, the peculiarities of the economic structure, farming, customs and rites of Kazakhs, which form part of the culture of society, are analyzed, which will help researchers understand the main origins and multitude of nomadic culture of the Great Steppe.

Key words: History of the Kazakhs, genealogy, seven tribes, folklore, forefathers, historical sources, national history, ethnographic sources, domestic history, Oghuz.

For citation: Sarsenbaev A., Ospanov E. Kazakh geneology an ethnographic source // Otan Tarihy. 2026. Vol. 29. № 1. Pp. 325–332. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_325-332

Кіріспе. Қазақ шежіресі (жеті ата) – қазақ халқының тарихи жадын, этногенезі мен әлеуметтік құрылымын зерттеудің бірегей дереккөзі болып табылады. Шежіре тек ата-бабалардың есімдерін жадтау ғана емес, сонымен бірге халықтың дүниетанымының, мәдени кодтарының, рулық қатынастар жүйесінің көрінісі [Арғынбаев, 1973: 24]. Бұл зерттеуде қазақ шежіресінің этнографиялық дереккөз ретіндегі ролі, оның әдістемелік мәні, құрылымдық ерекшеліктері мен ғылыми құндылығы талданады.

Шежіренің этнографиялық дереккөз ретіндегі құндылығы. Этнография ғылымы үшін шежіре әсіресе құнды, себебі ол жазулы дереккөздерде жиі кездеспейтін рулық қатынастар жүйесі, қоғамдық институттар, отбасылық-некелік қатынастар, ру-тайпаларда кездесетін салт-дәстүрлер және әр руда кейде жеке кездесті наным-сенімдер, тыйымдар туралы ақпаратты сақтайды. Қазақ шежіресінің аса маңызды ерекшелігі – оның ауызша жеткен дәстүр болуы. Ш. Уәлиханов бұл туралы былай деп жазған: «Қазақтарда әрбір ру өз шежіресін жақсы біледі, олар оны тарих сияқты ауыздан жаттап алады» [Уәлиханов, 1985: 33].

Шежірелер арқылы қазақ қоғамының рулық бөлінісінің күрделі жүйесі, жүздердің (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) пайда болу тарихы, олардың ішіндегі ру-тайпалардың таралу аймақтары анықталады. Мысалы, Орта жүздің Арғын тайпасындағы Қуандық, Сүйіндік, Бегендік руларының шежірелері олардың қызметі мен тарихи ролі туралы мәліметтер береді [Востров, Муканов, 1968: 55–57].

Шежіренің әдістемелік аспектілері және құрылымы. Еңбекті жазу барысында, тақырыпқа қатысты осы уақытқа дейін кездесетін зерттеу еңбектері басты материалдар ретінде қолданыс тапқан. Себебі, қазақ шежіресінің негізгі құрылымдық бірлігі – жеті ата. Бұл қағида тек қана қандастық байланыстарды бекітпей, сонымен бірге әлеуметтік-құқықтық норма ретінде де қызмет еткен. Этнографтар үшін жеті ата жүйесі рулық бірлестіктердің ішкі құрылымын, экзогамия ережелерін (ру ішінде некеге тұруға тыйым салу), қарым-қатынас пен өзара көмек желілерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Бұл мақалада біз тарихи зерттеулерде көп қолданылатын – салыстырмалы-тарихи әдісті, деректанулық сын және жалпы қорытынды шығаруға көмектесетін логикалық және жүйелілік әдістерді қолданамыз. Сонымен қатар, осы уақытқа дейінгі шыққан еңбектерге сараптама жасай отырып, талдау әдісін де пайдаланамыз.

Мақаланың деректік қорларына, осы уақытқа дейін шыққан қарастырылып отырған мәселе бойынша отандық және көршілес мемлекеттерде жарық көрген жазбаша шежіре нұсқалары мен ауызша шежіре жинақтары жатады.

Зерттеу барысында қолданатын тағы бір – салыстырмалы тарихи-семиотикалық талдау. Бұл әдіс Махмуд Қашқари мен Рашид ад-Дин келтірген оғыз тайпаларының таңбаларын қазақ руларының

таңбаларымен (Батыс Қазақстан ескерткіштерінен алынған деректер), сондай-ақ топонимикалық материалдармен салыстыруға мүмкіндік береді [Ахметова, 2007: 47–49]

Әртүрлі рулардың шежірелік нұсқаларын салыстыру арқылы ортақ фольклорлық мотивтер мен тарихи шындықты ажыратуға болады. Мысалы, барлық қазақ руларының шежірелерінде кездесетін Алаша хан образы мифологиялық сипатқа ие болса, Абылай хан немесе Кенесары хан сияқты тұлғалар туралы шежірелік аңыздар тарихи деректермен расталады [Муқанов, 1991: 17].

Талқылау. Қазақ шежірелері келесі этнографиялық аспектілер бойынша бай ақпараттық өріс құрайды.

Отбасылық-некелік қатынастар: Шежірелер некеге тұру ережелері, қалыңдық мәселелері, үйлену рәсімдері туралы деректерді сақтайды. Мысалы, Кіші жүздің Жетіру бірлестігінде некелесуге тыйым салынған жеті ата тізімдері арнайы есте сақталған [Муқанов, 1991: 24].

Шаруашылық-мәдени типтер: Шежірелер арқылы әртүрлі рулардың көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастыру ерекшеліктері, жайылымдарды пайдалану жүйесі, мал шаруашылығына байланысты терминологияны зерттеуге болады.

Діни нанымдар мен әдет-ғұрыптар: Шежірелерде ислам дінінің қабылдануынан бұрынғы кезеңге жататын анимистік нанымдардың, аруақтарға табынудың, табиғат күштерін құрметтеудің элементтері сақталған.

Фольклорлық дәстүр: Көптеген шежірелер эпикалық повесть сипатына ие, оларда тарихи оқиғалар фольклорлық мотивтермен үндестірілген. Бұл қазақтың ауыз әдебиеті мен тарихи жадының өзара байланысын көрсетеді.

Қазақ шежірелерін жүйелі түрде жинау және зерттеу XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында басталды. Осы саладағы алғашқы ғылыми еңбектерді орыс шығыстанушылары В.В. Вельяминов-Зернов, А.И. Левшин, Н.И. Ильминский жазды [Қазақ шежіресі, 2003: 123–125].

Кеңес дәуірінде шежірелерді зерттеу идеологиялық себептермен шектелді, себебі олар «феодалдық-патриархалдық қалдық» ретінде қарастырылды [Толыбеков, 1993: 17–19].

Тәуелсіздік жылдары қазақ шежірелеріне деген қызығушылық қайта жанданды. 1990-2000 жылдары М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары шежірелерді жүйелі түрде жинау мен басып шығару жұмыстарын жүргізді. 2003 жылы «Қазақ шежіресі» көп томдығының бірінші томы жарық көрді, онда негізгі ру-тайпалардың шежірелік нұсқалары берілді [Қазақ шежіресі, 2003: 120–125].

Қазіргі заманғы технологиялар шежірелерді сақтау мен таратуда жаңа мүмкіндіктер ашады. Электрондық дерекқорлар, генеалогиялық бағдарламалар шежірелік ақпаратты жүйелеуге көмектеседі. Атап айтар болсақ, Ататек (<https://atatek.kz/>), жеке рулардың шежірелік сайты (<https://shezhyre.tou.edu.kz/>), қазақ немесе рулар шежіресіне қатысты мобильді қосымшаларды айта аламыз. Осы секілді қосымшалар, сайттар арқылы үнемі шежірені толықтырып отыруға болады және оқуға жеңіл етіп жастарға ұсынуға мүмкіндік бар. Дегенмен, ауызша дәстүрдің жоғалу қаупі сақталуда, сондықтан шежірелерді тіркеу жұмыстарын жалғастыру маңызды.

Қазақ шежіресі (жеті ата) – қазақ халқының тарихи жады мен мәдени кодын сақтайтын, этнография ғылымы үшін баға жетпес дереккөз. Ол тек генеалогиялық тізбек емес, ру-тайпалық құрылымның, әлеуметтік институттардың, салт-дәстүрлер мен дүниетанымның күрделі жүйесі. Қазақ шежіресі – қазақ халқының этникалық қалыптасуын, ру-тайпалық құрылымын және әлеуметтік ұйымын түсіндіретін бірегей дерек. Ол жазба тарих толық сақталмаған кезеңдердегі этникалық жадыны қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Шежіре этнографияға рулық қоғамның тірі моделін ұсынады. Қазақтың әлеуметтік организм ретінде жұмыс істеген жүз-ру жүйесі толығымен шежіреге сүйенді.

Майқы бидің ұрпағы Наймандардың шежіресі Ертіс бойындағы көне қоныстанудың контекстін көрсетеді. Әр рудың шежіресі оның құрметті атауын (ру-ата), ұранын, таңбасын белгілеп, символдық капиталын қалыптастырды. Шежірелер арқылы Ұлы жүздің Дулат, Жалайыр, Албан, Сарыүйсін, Шапырашты, Ошақты, Суан, Ысты руларының таралу аймақтары, олардың шаруашылық-мәдени типтері айқындалады. Мысалы, таулы аймақтардағы рулардың (Саңғыл, Ысты) шежіресінде мал шаруашылығына қатысты терминология басым болса, далалық руларда (Қыпшақ, Найман) жылқы өсіру мен көші-қон жолдары туралы деректер көбірек кездеседі. Осы деректердің этнографиялық маңызы зор, себебі олар көшпелі өркениеттің ішкі құрылымы мен қоғамдық байланысын ашады [Құдайбердіұлы, 1990: 19–29].

Шежіре отбасылық-некелік қатынастарды реттеуші құқықтық норма болды. Жеті атаға дейінгі туыскандар арасында некеге тұруға тыйым салу (экзогамия) тек қазақ құқығында ғана емес, оның генетикалық денсаулығын сақтауда да маңызды рөл атқарды. Этнограф Х. Арғынбаевтың деректері бойынша, бұл ережені бұзған жағдайда жаза әлеуметтік оқшаулаудан бастап, қауымның шешімімен айыппұл салуға дейін жеткен. Шежіре бойынша қалыңдық (құн) мөлшері де рулық статуска байланысты белгіленген [Арғынбаев, 1973: 33–37]. Мысалы, сұлтан рулары (төре) үшін қалыңдық жоғары болса, кедейленген ру үшін ол төмендеу болды. Кейде, қалыңмал төлеу барысында ауыл үлкендері құда болғалы жатқан ру-тайпаның шыққан тегі мен ол рудағы атақты кісілердің бар-жоқтығы, ол адамдардың беделі мен абыройына қарай отырып белгілеген.

Неке мәселелері шежіре арқылы реттелуі қазақ қоғамындағы рулық ұйымның құқықтық функциясын дәлелдейді. Сонымен қатар, шежірелер арқылы туыстық терминдердің толық жүйесі, ата-бабалар культінің (аруак) орны, жерлеу рәсімдеріндегі рулық ерекшеліктер зерттеледі. Мысалы, Ш. Уәлиханов белгілегендей, әрбір рудың қасиетті қорымы мен ата жері болған, олардың шежірелік атаулары қазіргі топонимиканы зерттеуге мүмкіндік береді [Уәлиханов, 1985: 67–69].

Діни нанымдар мен әдет-ғұрыптар саласында шежіре исламға дейінгі кезеңнің қалдықтарын сақтайды. Мысалы, қазақ шежірелерінде жиі кездесетін «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» сияқты эпикалық ата-бабалар мифологиялық қасиетке ие. Бұл жерде исламнан бұрынғы түркі дүниетанымының элементтері – анимизм, тотемдік нанымдар көрініс табады. Сондай-ақ, шежірелерде рулардың шығу тегі туралы аңыздар (мысалы, Қыпшақ руының «ақ сүйек» немесе қыпшақ хандығынан таралуы) олардың тарихи жады мен өзін-өзі сәйкестендіруін көрсетеді [Әбдуов, 1998: 45–47].

Этнограф М.С. Мукановтың атап өткендей, шежірелер қазақтардың қоғамдық санасында ислам мен көне нанымдардың синкретизмін көрсетеді. Мысалы, қайтыс болған ата-бабалардың рухы (аруак) сыйыну дәстүрі шежіре арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп, қорған сынындағы құрбандық шалу рәсімімен байланыстырылады. Әр рудың өзіндік қасиетті жерлері (әулие, қорық) мен тарихи оқиғалары шежіре деректерінде сақталған [Муканов, 1991: 93–97].

Шежіре ауызша дәстүр ретінде қазақтың ауыз әдебиетінің бір түрі болып табылады. Ол жыр, шешендік сөз, аңыз элементтерін біріктіреді. Бұл деректер тұлғаның жеке портретін ғана емес, оның заманының әлеуметтік-мәдени контекстін де көрсетеді. Қазақ шежіресінің генеалогиялық ядросында (жеті ата) әр тұлғаның есімімен қатар оның лақап аты (Мырза, Бөлек, Ақберді), қызметі (би, батыр, болыс) және тарихи рөлі қоса аталады. Мысалы, Абылай ханның шежіресінде оның Қалмақ қызы Ақпанымен некесі арқылы саяси одақ құруы айтылады. Бұл деректер дипломатиялық неке институтының қазақ қоғамындағы орны туралы этнографиялық ақпарат береді [Құдайбердіұлы, 1990: 25–27].

Бұл кезеңдегі қазақ зиялыларының бәріне тән қасиет, өздерінің өмір сүрген тарихи кезеңдердегі халық басынан өткен оқиғаларды, сол оқиғалардың бел ортасында жүрген тұлғаларын танып-білуге деген құштарлық болатын. Соның нәтижесінде, жеті атасын танып-білуді дәстүрлі түрде тұрақты құбылысқа айналдырды. Кезінде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы ауыл ақсақалдарымен тарих қойнауында жатқан тарихи аңыз-әңгімелер жайлы сөйлесіп, тарих туралы сырласуы, сол заманның көзі ашық азаматтарының халық ауыз әдебиетінің маңыздылығын түсіне білгеннің көрінісі болса керек.

Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты жазбасында (әзір біз оны тарихи мақала санатына қосып жүрміз) қазақ халқының арасында тараған шежіре, аңыз-әңгіме атаулының қазақтың арғы шыққан тегін ислам діннің ыңғайына бұрып, араб сахабаларынан шығару сарынына қарсы, сол жалған танымға тойтарыс беру мақсатымен жазылғанын көреміз. Бұның басты себебі, біріншіден әкесі қажы бола тұрғанымен Абайдың қазақ шежірелеріндегі сарынның негізгі әуезін терең түсіне білгендігінде [Абай, 2020: 325–327].

Екіншіден, Ресей империясының Шығыстағы отар елдерінің шекарасын айқындағаннан кейін, қарапайым халық арасында діни-миссионерлік саясат мемлекеттік деңгейде жүргізіле бастады. Мұсылман халықтарының өз арасында осы патша саясатына қарсы саясаттарын жүргізді. Міне, сондықтан да көптеген шежірелердің арғы тегінде діни түсінік немесе Адам атадан бастау белең алды.

Бұл сол кездегі саясатқа рухани қарсылық көрсетудің бір түрі болса керек. Абайды көріп, үлгі тұтып өскен немере інісі – Шәкәрімнің осы салаға қалам тартуына түрткі болған жағдайлар осы

болуы да мүмкін. 1911 жылы Орынборда басылым көрген «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деген іргелі еңбегі Абай дәстүрінің жалғасы ретінде болды.

Шежірені этнографиялық дереккөз ретінде пайдалану кезінде сын тұрғысынан талдау қажет. Шежірелерде тарихи оқиғалар мен мифологиялық мотивтер жиі үйлесім табады. Мысалы, барлық жүздердің шежіресінде кездесетін ортақ ата-баба Алаша ханның образы тарихи тұлға емес, этногенетикалық миф ретінде де қарастырылуы мүмкін.

Ал, XV–XVIII ғасырлардағы нақты тарихи тұлғалар (Қасым хан, Тәуке хан, Әбілқайыр хан) туралы шежірелерді әртүрлі деректермен салыстыру қажеттілігі туындайды. Себебі, бір шежіреде кездесетін тарихи тұлғаның соған ұқсас тарихи деректерде басқаша сипатталуы мүмкін.

Сондай-ақ, шежірені зерттеуде оның қоғамдық функцияларын (интеграциялық, легитимдік, тәрбиелік) ескеру маңызды. Мысалы, Шәкәрім Құдайбердіұлы өз еңбегінде шежірені ұлттық сананы қалыптастыру құралы ретінде көрсеткен [Құдайбердіұлы, 1990: 35].

Қазіргі заманғы шежірені зерттеу этнография мен антропологияның жаңа әдістерін (ауызша тарих, генетикалық генеалогия) пайдалануды талап етеді. ДНК-тесттер шежіре деректерін растауға немесе қайта қарауға мүмкіндік береді. Бұл генетикалық тарих пен ауызша дәстүрдің интеграциясы этногенезді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Нәтижесі. Қазақ шежіресі этнографиялық дереккөз ретінде бірегей және көп қырлы құбылыс. Ол қазақтың рулық қоғамының құрылымын, мәдениетін, құндылықтар жүйесін зерттеу үшін міндетті көз. Шежіренің көмегімен қазақ халқының этникалық тарихының күрделі тізбегі, оның көрші халықтармен байланысы, көшпелі өркениеттің ішкі логикасы ашылады. Жалпы шежірені сақтау, жүйелеу және ғылыми талдау ұлттық мәдениет пен тарихи сананы нығайтудың маңызды факторы болып табылады. Бұл жұмысты жалғастыру қазақтану ғылымының негізгі міндеттерінің бірі болып қалады [Толыбеков, 1993: 158–159].

М.Ж. Көпейұлының еңбегінде жергілікті жердегі уақыт санау, ұрпақ саны, т.б. категориялар және жергілікті халықтың – «тыңдау, есте сақтау, ұрпағына жеткізу» тәсілі арқылы жеткен ауыз әдебиеті үлгілері кеңінен қолданылған. Ол естіген мағлұматтарын өзгертпей, сол күйінде ұсынған. Ондағы басты мақсаты, шамасы жеткенше әртүрлі шежіре нұсқаларын, тарихи оқиғалардың әр түрін ортақтастырып, солардан сараптау арқылы ұлттық тарихты жазып шығу болса керек. Сонымен қатар, өз еңбегінде мәліметтерді нақты тарихи уақыт бойынша емес, халықтың санасында маңызды орын алатындығына қарай отырып сипаттаған. Ол жерде, негізінен ұлы тұлғалар мен тарихи оқиғалар баяндалғанда, нақты жыл, ай, күннің көрсетілуі өте аз. Бір сөзбен айтқанда М.Ж. Көпейұлының еңбегінде мұсылмандық жыл санау, не христиандық күнтізбе бойынша баяндалған уақыт жүйесін кездестірмейміз [Көпеев, 1990: 15–16]. Ол кісінің еңбегінде, 12 - жылдық дәстүрлі жыл санау уақыты немесе ұрпақ саны бойынша есептелетін жыл санау жүйесі (5 - атада, 3 - ұрпақта, т.б.) кеңінен пайдаланған. Бұл шежіреде кеңістік пен уақыт түгел дерлік жергілікті халықтың мінезінің ерекшелігіне негізделген. Жағрафиялық атаулар немесе аймақтар көбіне нақты түрде айтылмай, «киелі жер, киелі тау, өзен, ата-жұрт» мағынасында берілген. Мәжһүр Жүсіп шежірені жадағай атаны тарату деп түсінбей, онда сол рудағы немесе сол елдегі батырға байланысты, ақынға қатысты, балуан жайлы, күйші туралы аңыз-әңгіме, жыр, күй, тақпақ болса, соны қалдырмай жазған [Көпеев, 1990: 25–27].

Шәкәрім қажының еңбегі жанрлық сипаты жағынан – тарихи шежірелер тобына кіреді. Бұлай айтуымыздың басты себебі, автор өз еңбегінде батыстық тарихнамалық баяндау жүйесін көбірек пайдаланған. Батыс пен шығыс авторларының еңбектерін салыстыра отырып баяндау, кез-келген еңбекті сынау, күмән келтіру, кез-келген ауызша деректің басқа деректермен (жазбаша) дәлелденуі қажеттілігі, т.б. Шәкәрімнің еңбегін басқа еңбектерден ерекшелеп тұратыны айқын. Шығыс, батыс авторларын қолдана отырып, жергілікті ауызша тарих айту дәстүрін жаңаша бағытта зерттеуге жол ашқан ғұламаның еңбегінде дәстүрлі жыл санау (мүшелдік), ата жасы арқылы санау (ұрпақ жасы – 20-30 жыл) кеңінен қолданды [Құдайбердіұлы, 1990: 15–25]. Шәкәрімнің еңбегінің тағы бір ерекшелігі, оқиғалар бей берекетсіз емес, өткеннен болашаққа, атадан – ұрпаққа қарай жүру бағытында баяндалып, рет-ретімен келтіруі мен таңбалар мен ұрандарды қатар қойып, салыстырып, оларға баға беруінде жатыр.

Кейіннен, Алтын Орда дәуірінде және қазақ хандығының қалыптасу кезеңінде, бұл тайпалардың бір бөлігі қазақ этногенезінің негізіне айналды.

Деректер, әсіресе, Кіші жүз құрамындағы тайпалардың (адай, жаппас, табын, шерекш, тама) этногенезінде оғыздық компоненттің рөлі аса зор екенін көрсетеді. Бұл оғыздардың негізгі қоныстану

аймақтарының (Арал-Каспий, Сыр бойы) осы жүздің дәстүрлі кеңістігімен сәйкес келуімен түсіндіріледі. Мысалы, зерттеуші С. Әжіғали атап өткендей, «Шағырай үстірті оғыз атауы болып табылады, және Шағырай – Кіші жүздегі қазақ тайпасы шерекштің ұраны» [Ажигали, 2002: 45–50].

Ортағасырлық оғыз тайпалары мен қазақ руларының таңбаларын салыстырмалы талдау этногенетикалық байланыстардың нақты дәлелі ретінде қызмет етеді. Таңбалардың сәйкестігі оғыз тайпаларының қазақ халқының, әсіресе Кіші жүздің, қалыптасу процесіне белсенді қатысқанын айқын көрсетеді. Бұл процесс жай ғана тайпалардың механикалық ауысуы емес, күрделі этникалық синтез, мәдени интеграция және рулық дәстүрдің (жеті ата, шежіре, таңба) үздіксіздігі болды.

Зерттеу қорытындылары, оғыздардың тек түрікмендер мен әзербайжандардың ғана емес, қазақ халқының да этногенезіне елеулі ықпал еткенін растайды. Бұл тұрғыда таңбаларды зерттеу тек тарихи қайта құру үшін ғана емес, сонымен қатар Қазақстан территориясының көптеген ғасырлар бойы түркі әлемінің этномәдени өзара әрекеттесу орталығы болғанын көрсету үшін де аса маңызды дереккөз болып табылады. Осы бағыттағы археологиялық, эпиграфикалық және шежірелік зерттеулерді одан әрі жалғастыру қажет [Қазақ ру-тайпаларының тарихы, 2008: 100–105].

Қазақ шежіресінің қазақ тарихындағы, қазақ қоғамындағы орнын анықтаған ғалым, саяхатшы-этнограф, географ Ш. Уәлихановтың еңбегі болатын. Қазақ шежіретануының осы бір аяулы азаматтың есімімен байланысты болуы бір ерекше жайт. XIX ғасырда Патша өкіметінің Қазақстан жағрафиясына кеңінен назар аударуының нәтижесінде, қазақ жеріне аттандырылған көптеген әскери-стратегиялық, зерттеу экспедицияларының қорытынды материалдарымен танысқан Шоқанның туған өлкенің этнографиясына, жағрафиясына деген қызығушылығы арта түсті. Оның үстіне, өзіне жақын деген адамдар санатына кірген, белгілі зерттеушілер Г.Н. Потанин, Н.Ф. Аннинский, Н.Ф. Костылецкий, И.Н. Березин, т.б. көзқарастары мен ұстанымдары туған өлкенің бай жағрафиялық, тарихи-этнографиялық мұрасына деген құмарлығын арттыра түсті [Уәлиханов, 1985: 25–27]. Н.Ф. Костылецкий бірнеше жылдар бойы қазақтың халық эпосын зерттеумен шұғылданып, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» поэмасының ежелгі нұсқасын орыс тіліне аударды. И.Н. Березиннің арқасында, Шоқан ертедегі жазба ескерткіштерді зерттеуге құлшыныс танытты. Г.Н. Потанинмен бірігіп жүргізілген этнографиялық зерттеулер де өз жемісін берген болатын. ХҮІІІ ғасырда жасалған ұлы шежірелердің бірі туралы сөз еткен Ш. Уәлиханов Шал ақын Құлекеұлының еңбегіне өзіндік баға береді. Шоқанның айтуынша, ол ақын Абылайдың замандасы. Шал ақын өз еңбегінде тарихи аңыздарды жинап, қазақтың түп-төркінін Алаша ханнан бастап, өз атасы Құдайбердіге дейін таратқан.

Қорытынды. Қазақ шежіресі – қазақ халқының этникалық тарихын, мәдениетін және әлеуметтік құрылымын зерттеудің бай дереккөзі болып табылады. Оның этнографиялық дереккөз ретіндегі маңызы оның көп аспектілі сипатында, халықтың материалдық және рухани мәдениетінің әртүрлі салаларына қатысты ақпаратты сақтауында жатыр. Шежірелерді зерттеу салыстырмалы-тарихи әдіснаманы қолдануды, сын тұрғысынан талдауды және басқа тарихи дереккөздермен (археологиялық, архивтік) салыстыруды талап етеді.

Осындай ауызша деректер қорын кешенді түрде пайдалану өткен тарихтың «шындық деңгейін» («тарихтың шындық деңгейі» – өткен тарихты шынайы қалпына келтіру көрсеткіші – %) – 90 пайызға жеткізуге болады. Тарихи деректердің қатарының көбеюі – ірі тарихи оқиғаларға қарағанда ұсақ оқиғаларға көңіл аудару жиілеп кетті. Қазіргі тарихи деректердің қатарында, қысқаша хабарлама (смс), телефон жазбалары, ауызша берілген инфо, әлеуметтік желідегі хабарша (пост) т.б. интернет жүйесі арқылы тарап жатқан деректердің көптігінен ірі тарихи оқиғалардың басталу себептеріне қарағанда, ұсақ форматты деректерге сүйену басым болып жатыр.

Шежірелерді жүйелі түрде жинау, жүйелеу және талдау жұмыстарын жалғастыру қазақтану ғылымының маңызды бағыттарының бірі болып қала береді.

Әдебиеттер

- Абай, 2020 – *Абай*. Шығармаларының толық жинағы. 2 т. Алматы, Жазушы, 2020. 672 б.
- Агаджанов, 1969 – *Агаджанов С.Г.* Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX–XIII вв. Ашхабад: Ылым, 1969. 295 с.
- Ажигали, 2002 – *Ажигали С.Е.* Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). Алматы: Ғылым, 2002. 654 с.
- Арғынбаев, 1973 – *Арғынбаев Х.* Қазақтың отбасы мен некесі. Алматы: Ғылым, 1973. 173 б.
- Ахметова, 2007 – *Ахметова Г.Ш.* Шежіре тарихы: әдіснамалық мәселелер. // *Отан тарихы*. 2007. № 3. 45–52-бб.
- Востров, Муқанов, 1968 – *Востров В.В., Муқанов М.С.* Родоплеменной состав и расселение казахов. Алма-Ата: Наука, 1968. 256 с.

- Әбдуов, 1998 – Әбдуов М.І. Шежіренің жанрлық сипаты. Қарағанды: Арко, 1998. 67 б.
- Әлімжанов, 2012 – Әлімжанов А.Т. Қазақ шежіресінің этнографиялық деректері // Этнографиялық зерттеулер. Астана, 2012. 78–89-бб.
- Көпеев, 1990 – Көпеев М.Ж. Таңдамалы. Алматы, 1990. 1-т. 128 б.
- Қазақ ру-тайпаларының тарихы, 2008 – Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Найман. X том. Бірінші кітап. Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008. 457 б.
- Қазақ шежіресі, 2003 – Қазақ шежіресі. 2 томдық / Құраст.: С.Қондыбай. Алматы: Атамұра, 2003. Т.1. 560 б.
- Қашқари, 1997 – Махмуд Қашқари. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік) / Қазақ тіліне аударған А. Егеубай. Алматы: ХАНТ, 1997. 590 б.
- Муканов, 1991 – Муканов М.С. Этническая территория казахов в XVIII – нач. XX вв. Алма-Ата: Ғылым, 1991. 159 с.
- Омарбеков, 2014 – Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің шығу тегі (IX-XV ғасырлар). Алматы: Қазақ университеті, 2014. 396 б.
- Рашид ад-Дин, 1952 – Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.1. Кн. 1. / Пер. с перс. Л.А. Хетагурова. М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1952. 268 с.
- Сүннер, 1972 – Сүннер Ф. Оғызлар (Түрікмендер). Ankara: Ankara Universitesi Basimevi, 1972. 320 s.
- Толыбеков, 1993 – Толыбеков С.Е. Қазақ қоғамының ғасырлар бойы даму жолы. Алматы: Қазақстан, 1993. 320 б.
- Тургунбаев, 2016 – Тургунбаев Е.М. Шежіре – тарихи-этнографиялық дерек. Алматы: Қазақ университеті, 2016. 234 б.
- Уәлиханов, 1985 – Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы шығармалар. Алматы: Жазушы, 1985. 420 б.
- Құдайбердіұлы, 1990 – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі. Алматы: Жазушы, 1990. 128 б.

References

- Abai, 2020 – Abai. Shygarmalarynyn tolyk zhinagy [Complete collection of works]. 2 tom, Almaty, Zhazushy, 2020. 672 p. [in Kazakh]
- Agajanov, 1969 – Agajanov S.G. Ocherki istorii oguzov i turkmen Srednei Azii IX–XIII vv. [Essays on the History of the Oghuz and Turkmens of Central Asia in the IX–XIII Centuries]. Ashabad: Ylym, 1969. 295 p. [in Russian]
- Ajigali, 2002 – Azhigali S.E. Arhitektura kochevnikov – fenomen istorii i kultury Evrazii (pamyatniki Aralo-Kaspiskogo regiona) [Architecture of Nomads as a Phenomenon of History and Culture of Eurasia (Monuments of the Aral-Caspian Region)]. Almaty: Gylym, 2002. 654 p. [in Russian]
- Argynbaev, 1973 – Argynbaev H. Qazaqtyn otbasy men nekesi [Kazakh Family and Marriage]. Almaty: Gylym, 1973. 173 p. [in Kazakh]
- Ahmetova, 2007 – Ahmetova G.Sh. Shezhire tarihy: adisnamalyq maseleler. [History of genealogy: methodological issues]. Otan tarihy. 2007. №3. B. 45-52. [in Kazakh]
- Vostrov, Mukanov, 1968 – Vostrov V.V., Mukanov M.S. Rodoplennoi sostav i rasselenie kazahov. [Tribal composition and settlement of the Kazakhs]. Alma-Ata: Nauka, 1968. 256 p. [in Russian]
- Abduov, 1998 – Abduov M.I. Shezhirenin zhanrlyk sipaty [The Genre Character of the Genealogy]. Karagandy: Arko, 1998. 67 p.
- Alimjanov, 2012 – Alimjanov A.T. Qazaq shezhiresinin etnografialyq derekteri [Ethnographic data of the Kazakh genealogy]. Etnografialyq zertteuler. Astana, 2012. Pp. 78–89. [in Kazakh]
- Köpeev, 1990 – Köpeev M.Zh. Tandamaly [Selected works]. Almaty, 1990. T. 1. 128 p. [in Kazakh]
- Qazaq ru-taipalarynyñ tarihy, 2008 – Qazaq ru-taipalarynyñ tarihy [History of Kazakh tribes]. Naiman. 5 tom. Birinshi kitap. Almaty: «Alash» tarihi-zertteu ortalygy, 2008. 457 p. [in Kazakh]
- Qazaq shezhiresi, 2003 – Qazaq shezhiresi. [Kazakh Genealogy]. 2 tomdyq. Qurast.: S.Qondybai. Almaty: Atamura, 2003. T. 1. 560 p. [in Kazakh]
- Qashqari, 1997 – Mahmud Qashqari. Turik tilinin sozdigi: (Diuanı lıgat-it-turik) [Dictionary of the Turkish language]. Qazaq tiline audargan A. Egeubai. Almaty: HANT, 1997. 590 p. [in Kazakh]
- Mukanov, 1991 – Mukanov M.S. Etnicheskaia teritoria kazahov v XVIII – nach. XX vv. [Ethnic territory of the Kazakhs in the XVIII – early XX centuries]. Alma-Ata: Ғылым, 1991. 159 p. [in Russian]
- Omarbekov, 2014 – Omarbekov T. Qazaq turkilerinin shygu tegi (IX-XV gasyrlar) [Origin of the Kazakh Turks (9th-15th centuries)]. Almaty: Qazaq universiteti, 2014. 396 p. [in Kazakh]
- Rashid ad-Din, 1952 – Rashid ad-Din. Sbornik letopisei [Collection of Chronicles]. T.1., Kn. 1. Per. s pers. L.A. Hetagurova. M.-L.: Izd-vo AN SSSR, 1952. 268 p. [in Russian]
- Sünner, 1972 – Sunner F. Ogyzlar (Turikmender). [Oghuz people (Turkmen)]. Ankara: Ankara Universitesi Basimevi, 1972. 320 p. [in Turkish]
- Tolybekov, 1993 – Tolybekov S.E. Qazaq qogamynyn gasyrlar boiy damu joly [The way of development of the Kazakh society for centuries]. Almaty: Qazaqstan, 1993. 320 p. [in Kazakh]
- Turgunbaev, 2016 – Turgunbaev E.M. Shezhire – tarihi-etnografialyq derek [Genealogy – historical and ethnographic data]. Almaty: Qazaq universiteti, 2016. 234 p. [in Kazakh]
- Ualihanov, 1985 – Ualihanov Sh.Sh. Tandamaly shygarmalar [Selected works]. Almaty: Zhazushy, 1985. 420 p. [in Kazakh]
- Qudaiberdiuly, 1990 – Shakarim Qudaiberdiuly. Turik, qyrgyz-qazaq ham handar shezhiresi [Turkish, Kyrgyz-Kazakh and Khan Genealogy]. Almaty: Zhazushy, 1990. 128 p. [in Kazakh]

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
 ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 1

<i>Касымова Д.Б., Капаева А.Т., Кудайбергеноулы Б.</i> О «ФЕОДАЛЬНО-БАЙСКИХ ПЕРЕЖИТКАХ» В КАЗАХСКОЙ ССР: ДИСКУРС, ПРАВО И ПРАКТИКИ.....	5
<i>Козина В.В., Уалтаева А.С., Баймагамбетова А.А.</i> СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МОНОГОРОДОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	22
<i>Мамраймов С.</i> КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӨРКІЛЕУ (1928–1933 жж.).....	40
<i>Turgunbayev I.Ye., Moryakova M.T., Zhanatayeva K.B.</i> VILLAGE INSTITUTES IN TÜRKIYE AS AN INSTRUMENT OF CULTURAL POLICY.....	54
<i>Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch.</i> THEORETICAL AND SOURCE BASE FOR THE STUDY OF HISTORY OF KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN CONCENTRATION CAMPS ON THE TERRITORY POLAND DURING THE WORLD WAR II.....	66
<i>Жолдасұлы Т., Досым А.Б.</i> ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 ЖЖ.).....	77
<i>Zhumatay G., Yskak A.</i> TSARIST RUSSIA’S CIVILIZING MISSION AND POLICY OF CHRISTIANIZATION OF THE KAZAKHS IN THE SECOND HALF OF THE 19 th AND BEGINNING OF THE 20 th CENTURIES.....	91
<i>Zholseitova M.A.</i> SOCIO-POLITICAL TRANSFORMATION OF THE TURKIC-MUSLIM SOCIETY IN THE INTELLECTUAL HERITAGE OF THE ALASH MOVEMENT.....	107
<i>Сабитов Ж.М., Каратаев А.А.</i> О ПРОИСХОЖДЕНИИ И ИСТОРИИ ПЛЕМЕНИ АРГЫН.....	118
<i>Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.Қ., Нұрғалиева Ф.М.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.....	132
<i>Ахметова Г.М.</i> ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ.....	142

Ермаханова М.А., Абдразақова А.Ө., Айтуар Б.М. АҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	161
Махамбетова Л.А., Мейрманова Г.А. У.Х. ШӘЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	174
Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.Қ., Әділбекова З.Ә. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	185
Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М. «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР.....	199
Zholdas A.K., Amirbek A.A., Kumganbayev Zh. K. THE ROLE OF HISTORY TEACHING IN FORMING THE KAZAKH INTELLIGENTSIA (1918–1927 YEARS).....	210
Саркенова К.А., Әбенова Б.С. БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	219
Mirzakulova R.M., Alpysbayeva N.K. SCHOLARS' PERSONAL FUNDS IN THE SCIENTIFIC ARCHIVE OF "GYLYM ORDASY" AS A PHENOMENON OF HISTORICAL MEMORY.....	234
Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С. ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ).....	249
Ауанасова К.М., Ауанасова А.М., Бадиев А.М. ВКЛАД СЕРАЛИ ЛАПИНА В ПРАВОВОЙ МОДЕРНИЗМ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЗАПАДНОЙ И РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ).....	266
Akhmetova Zh.K., Abdrazakova A.U. THE KAZAKHSTANI VARIANT OF THE SOVIET NATION-BUILDING PROJECT IN THE CONTEXT OF IMPERIAL LEGACY AND SOCIALIST MODERNIZATION (1920–1940).....	276
Azretbergenova E.Zh., Baigarayev N.A. ISSUES OF CULTURAL POLICY AND NATIONAL IDENTITY IN THE PERIOD BETWEEN THE KAZAKH AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC AND THE KAZAKH SOVIET SOCIALIST REPUBLIC.....	288

Дюсенова Н.К. ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....	303
Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ.....	312
Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	325
Турекеев К.Ж. НАРЕЧЕНИЕ ИМЕНИ У КАРАКАЛПАКОВ НАВОЙСКОЙ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТЕЙ: ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ.....	333
Шамшетдинова Д.И. УСПЕХИ И НЕДОСТАТКИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ БЫТОВОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ КАРАКАЛПАКСТАНА В 1960–80-Е гг.....	343
Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	353
Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б. ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	367
Қалишабаев А.Ж., Елеуов М.Е. Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР).....	378
Кенжебаев Ф.Қ. Сайфулмаликова С.С. БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	387
Темирханова А.С., Альбина Абеновна Максүтова А.М., Исакаева А.М. ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҮЛҒАСЫ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ.....	400
Мухамадеева И.А., Кенжебек Д.К., Жаксыбаева А.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1918 гг.) КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	410

Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
